

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Мойынқұм ауданының
білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай-бақшасы» МКҚК**

«Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру жиналысының

Хаттамасы № 1

Биназар ауылы

04.09.2023 жыл

Қатысқаны: бөбекжай-бақша қызметкерлері

Күн тәртібінде:

1. «Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру.

Жауапты: әдіскер Р.Р.Мухатаева

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақшасы әдіскері
Р.Р.Мухатаева сөз сөйледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305
қаулысымен таныстырды.

Кіріспе сөзінде қазіргі уақытта адамзатқа көптеген мәселелерді шешуге тура
келуде, солардың бірі қылмыстылықтың бір түрі болып саналатын терроризм
болып табылады, деді. Аса көрнекті саясаткерлердің бірі айтқандай, «XXI
ғасырда барлық өркениет деңгейіндегі азаматтардың қауіпсіздігіне терроризм
негізгі қауіп тудырады».

Қазіргі терроризм халықаралық сипат алып, жекелеген мемлекеттер үшін де
немесе келтіру белгілі бір аумақтар бойынша қарқын алып, жазықсыз
адамдардың өміріне қауіп арқылы елдің саяси және әлеуметтік
тұрақтылығына қауіп төндіріп отыр. Террор ретінде мемлекеттің өз
азаматтарының, саяси қарсыластарының ішіндегі басты адамдарын жоя
отырып, өз үстемдігін жүзеге асыру ретінде танылады.

Сонымен қатар ата-аналар мен балаларыңызға ескертіңіздер: Көшеде бөтен
адамдармен сөйлеспеу. Өзі және отбасы туралы мәлімет бермеу.

Танымайтын адамның көлігіне отырмау. Далада немесе қоғамдық жерде
жатқан заттарға (сөмке, қорап тиіспеу).

Қауіпті немесе күдікті нәрсе болса 101 нөміріне хабарлау. Бөбекжай-бақшасы
менгерушісі Б.Б.Ташмағанбетова өз сөзінде бөбекжай-бақша
тәрбиеленушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің барлық шаралары
қарастырылған. Әр қабатқа бейнекамералар орнатылған. «Балдәурен»
бөбекжай-бақшасында 55 тәрбиеленуші бар. Олардың әрқайсысы үшін бізге
үлкен жауапкершілік жүктелген. Тәрбиеші К.Ақбаева тәрбиеленушілер мен
ата-аналарға терроризм туралы түсіндіру жұмысын жүргізді. Сондықтан ата-

аналар да, оқушылар да терроризм қауіпі төне қалған жағдайда өзін қалай ұстаудың ережелерімен танысты.

- Мұндай түсіндіру жұмыстары мен іс-шараларды жиірек өткізген жөн. Дер кезінде өткізіліп отырған бұл шаралардың пайдасы көп. Бәріміз жұдырықтай жұмылып, күшімізді бағыттасақ, біздің қоғамға терроризмнен төнер қауіп жоқ, - деп түйіндеді.

Шешімі:

1. «Терроризмге қарсы күрес» іс-шаралары үнемі жүргізілсін.
2. Қауіпсіздік ережелері үнемі сақталсын.

Менгеруші:



Б.Б.Ташмаганбетова

Хатшы:

Т.Г.Имашева



ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ АЙҚЫН БЕЛГІЛЕРІ:



АНТЕННА



САҒАТ
ДЫБЫСЫ



СЫМДАР



БАТАРЕЯЛАР

СЕЗІКТІ ЗАТТАР:



Иесіз портфельдер,
шабадандар, сөмкелер,
түйіншектер, қаптар,
жәшіктер, қораптар,
иесіз көліктер

ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ТАПҚАН КЕЗДЕГІ ӨРЕКЕТТЕР



ЗАТҚА ЖАҚЫН МАНДА ҰЯЛЫ
ТЕЛЕФОНДЫ, РАДИОСТАНЦИЯНЫ
ҚОЛДАНУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ



ЗАТТЫ ҚОЛМЕН ҰСТАУҒА,
ЖЫЛЖЫТУҒА, АШУҒА
ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

СЕЗІКТІ ЗАТТЫҢ ТАБЫЛҒАНЫ ТУРАЛЫ
ДЕРЕУ ПОЛИЦИЯҒА ХАБАРЛАҢЫЗ



МҮМКІНДІК БОЛСА ЗАТТЫ
ОҚШАУЛАҢЫЗ, БАСҚА АДАМДАРДЫ
ЖОЛАТПАҢЫЗ, ПОЛИЦИЯ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КЕЛУІН
КҮТІҢІЗ



ЖАРЫЛҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ
ЗАЛАСЫЗДАНДЫРУДЫ ТЕК ҚҰҚЫҚ
ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАДЫ

